

Қазақ ғылымының мерейлі мақтанышы

Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірі күні Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ол жастайынан тілге шешен, елінің көне тарихын, әдет-ғұрпын, өлең-жырларын жақсы білетін әкесінің шапағатты өнегесін алып өскен. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған.



Ибатолла АРЫСТАН,
ҚарMTU профессоры,
«Парасат» орденінің иегері

Қаныш Имантайұлы – жеріміздің қазына байлығын терең зерттеп, ел игілігіне жаратуға бар өмірін сарп еткен ұлы геолог – барлаушы, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және

Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Қ.Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген, ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. Оның геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған қолтаңбасы жетерлік.

Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронин қюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Қаныштың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде жезді аумағындағы марганец кені барланып, іске қосылған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған, ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан.

Өңірлердің өндіргіш күштерін зерттеу мақсатында академияның көшпелі сессияларын өткізу сол тұста еліміздің ірі аймақтарында жүйелі түрде ұйымдастырылып тұратын. 1958 жылы қараша айының 17-22 күндері аралығында осындай мақсатпен шахтерлар шаһарында Қазақ ССР Ғылым Академиясы Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін дамыту проблемаларына арналған біріккен ғылыми сессиясын өткізген болатын. Мен ол кезде Қарағанды политехникалық институтының 3-курс студенті болатынмын. А.Попов, Ш.Чокин, В.Михайлов, И.Бок, Г.Кушев, А.Машанов, А.Сағынов сынды бір топ атышулы академик әріптестерін бастап танымал тұлға келді өндірістік аймаққа. Олар жергілікті жоғарғы оқу орны ұжымымен кездесу өткізді. Шалғайда орналасқан институттың студенттері мен оқытушыларына ғұламалардың терең мазмұнды баяндамалары үлкен әсер қалдырған еді. Қанекенмен сол кездесудегі ұмытылмас сәттерден шырайлы көз жанары, аққұба жүзі, мінберді толтырып тұрған тау тұлғасы, толқын бұйра шашы, құлаққа жағымды әдемі қоңыр даусы, тілге шешендігі, бізді бір үлкен сезімге бөлеп, жайымызда мәңгілік сақталып қалыпты. Сөйлейтін сөзін үлкен сайысқа түсетін сәйгүліктей баяу қарқынмен бастаған қа-

зақтың қарапайым жігіті біртіндеп ширата келе ұлттық ғылымның өткені мен болмысын, алда тұрған мақсаттарын нақтылы мәліметтер негізінде жиналғандарға жеткізіп бергені елдің есінде. Айтар ойын қорытындылай келе, жаңадан ашылатын ғылым жетістіктерді өндіріске енгізуде болашақ кәсіби мамандардың қандай мол мүмкіндіктері барына болжам жасап, зерттеушілік ісденістерге бейімі бар таппы жастардың зор сенім жүктегені бар.

Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаштағы қорыту зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасының салынуын, Маңғыстау мен Мұғаджар, және Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылу жайы кеңінен қозғалғанын ұмыту мүмкін емес. Және республикамыздың ірі минералдық шикізат қорлары туралы тың мәліметтерді ортаға салды. Алтай кені мен Қаратау фосфоритін, Қостанай және Ұлытау өңірлеріндегі темірге қоса марганец сынды басқа да жаңа қазына қорын игеру сияқты алда тұрған міндеттер еліміздің өрлеу сатылары мен жарқын болашағына серпін сыйлайтынын сол сәтте санамызға құйып тастағандай еді. Кездесу барысында қазақ қоғамындағы осындай ұлы жаңартулардың белсенді орындаушылары болуға тиісті біздерге үлкен үміт артатынын жеткізе келе: «Сендер қандай бақытты жандар едіңдер», – деген баталы сөзін біздер патриоттық сезімдерімізді шыңдауға арналған аманатындай қабылдап, өмірлік ұстанымызға айналдырған едік.

Үстіміздегі жылы 120 жылдық мерейтойы аталып жатқан кеменгер ағартушы, теңдесі жоқ ғалым, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, жиырмасыншы ғасырдың жаңа дәуірінде өзінің қажырлы еңбегі, табанды ізденістерімен отандық ғылымға даңғыл жол салып, артында өшпестей із, мол ғылыми мұра қалдырған қазақ ғылымының мақтанышы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тарихи қайталанбас біртуар ірі тұлға.

Қанекен өмірден тым ерте өтті. Бұл күнде республиканың қалалары мен ауылдарында ғұлама ғалымның есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Осындай әлемдік деңгейдегі ұлы тұлғаларды тұғызып жатқан қазақ елінің болашағы жарқын, тұғыры мәңгілік болсын.